

2) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аң аулауды және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін бекітілмеген;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аңшылық шаруашылығын және аң аулауды жүргізуге жол берілетін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан болып бөлінеді.

4. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе онда әкелген, аң аулау минимумы бойынша сынақ тапсырған, аңшылық билетін алған және мемлекеттік баж төлеген Қазақстан Республикасының азаматы және басқа да тұлғалар (бұдан әрі - аңшы) аң аулау құқығын пайдаланады.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды аулауға рұқсат етілген жабайы жануарлар аң аулау объектілері болып табылады.

6. Аңшылық қаруы, аң аулайтын құстар, иттер және қолдана отырып жабайы жануарларды аулауға болатын барлық техникалық құралдар аң аулау қаруы болып танылады.

7. Жабайы жануарлардың терісі (мамық, терілік шикізат, құстардың терісі), олардың еті, майы, қауырсыны мен жүні, бұғы мүйізі мен жұпарсу, жабайы жануарлардың өті, бас сүйектері, мүйіздері (табиғи жолмен тасталған немесе мерт болған жануарлардан басқа), жабайы жануарлардың азулары және денесінің басқа да бөліктері, құстардың және бауырымен жорғалаушылардың жұмыртқалары, сондай-ақ ауланған жабайы жануарлардың өздері аң аулау өнімдері болып танылады.

2. Аң аулау тәртібі

8. Аң аулау жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) белгіленген тәртіппен беретін тиісті рұқсат негізінде (бұдан әрі - Р ұ қ с а т) жүргізіледі.

Аң аулауға арналған Рұқсаттардың нысандарын, сондай-ақ оларды даярлаудың, есепке алудың, сақтаудың, берудің, пайдаланудың және олар бойынша есептіліктің тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

9. Аң аулауды жүргізген кезде аңшыда:

1) мемлекеттік бажды төлегені туралы белгісі қойылған аңшылық билеті (мемлекеттік баж төлеу аңшылық билетіне желімделген маркамен және арнайы мөр таңба басумен расталады);

2) Р ұ қ с а т ;

3) оқ ататын аң аулау қаруын қолдана отырып аң аулаған кезде - Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының оны сақтау және алып жүру құқығына р ұ қ с а т ы ;

4) иттермен және аң аулайтын құстармен аң аулаған кезде - белгіленген тәртіппен берілетін оларды тіркеу туралы құжаттар;

5) кәсіпшілік аң аулаған кезде - Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығы берілген заңды немесе жеке тұлғалармен (бұдан әрі - аң аулауды пайдаланушы) жасалған шарт немесе аңшының аңшылық өнімдерін өңдеу және сату құқығын куәландыратын құжат болады.

Кәсіпшілік аң аулаудың ұжымдық (топтық) нысаны кезінде аң аулауды пайдаланушы Рұқсатты пайдаланғаны үшін жауапты адамды тағайындайды және аң аулауды жүргізудің тәртібін белгілейді.

10. Аң аулау аяқталғаннан кейін Рұқсатқа аң аулауды пайдаланушының уәкілетті тұлғасы аң аулаудың нәтижелері туралы белгі қояды.

11. Мынадай жағдайларда:

- 1) жабайы жануарлардың басқа түрлерін аулауға Рұқсат болған кезде;
- 2) жануарлар дүниесін қорғауды аң аулауды пайдаланушының уәкілетті тұлғасы жүзеге асырған кезде;
- 3) адамның денсаулығына және өміріне қауіп төнген, ауыл шаруашылығы мен үй жануарларына залал келген кезде қасқырларды және шибөрілерді аулауға Рұқсат талап етілмейді.

12. Ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын (оғы айналмалы тұтанатын қарудан басқа) қасқыр, шибөрі, түлкі, суыр, аю, бұлан, марал, аскания бұғысын, елік, қабан, сібір тау ешкісін, құдыр аулағанда ғана қолдануға рұқсат етіледі.

13. Оғы айналмалы тұтанатын ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын мамық жүнді ұсақ аңдарды кәсіпшілік аулау кезінде қолдануға рұқсат етіледі.

14. Азаматтардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне қауіп төндіретін ірі жыртқыш жануарларды жергілікті атқарушы органдардың өтініші негізінде уәкілетті органның рұқсаты бойынша аң аулау мерзімінен тыс аулауға жол беріледі.

15. Рұқсат қолданыста болатын аумақтан тыс жерлерде аң аулайтын иттерді іздегенде және шақырғанда аңшы оғы алынып тасталған және бөлшектелген аңшылық атыс қаруымен болады.

16. Рұқсат қолданыста болатын аумақтан тыс жерлерде жараланған жануардың ізіне түсуге және оны олжалауға аң аулайтын жерінде жаралы жануар жүрген аң аулауды пайдаланушының уәкілетті тұлғасының келісімімен жол беріледі.

17. Жабайы жануарлар мекендейтін жерлерде, белгіленбеген мерзімдерде және аң аулау рұқсат етілмеген жерлерде аң аулайтын жыртқыш құстармен, оларды қолдана отырып жабайы жануарларды аулауға болатын техникалық құралдармен, аң аулау өнімдерімен болуға, сондай-ақ қабынан алынған аңшылық қаруды алып жүруге және тасымалдауға жол берілмейді.

18. Сақина салынған (таңбаланған) құстарды немесе сүтқоректілерді аулаған кезде сақинадағы (таңбадағы) жазу, ауланған күні мен жері көрсетілген ақпарат

аң аулауды пайдаланушының уәкілетті тұлғасына немесе уәкілетті органға одан әрі жануарларды таңбалауға тиісті ғылыми ұйымға жіберу үшін беріледі.

19. Аң аулау :

егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аң аулауды пайдаланушыға бекітіліп берілмеген аң аулайтын жерлерде;

астық жинау аяқталғанға дейін ауыл шаруашылық дақылдары егілген жерлерде ;

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жабайы жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне (заңнамаға сәйкес оларды аулау жағдайларынан басқа);

түнде көретін көздеуіштерді және дыбыссыз атуға арналған құрылғыларды, лазерлік нысана көрсеткішті қолдана отырып;

жарық беру приборларын қолдана отырып (қасқырды, шибөріні, түлкіні, қарсақты кәсіпшілік аулауды қоспағанда);

пневматикалық, лақтыратын қаруды қолдана отырып (жануарлар дүниесі объектілерін иммобилизациялауға және дәрілеуге байланысты ғылыми-зерттеу және алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа) ;

сауыт бұзар, өртегіш немесе жарғыш қуаты, ауыртпалық орталығы ауыстырылған оқтары бар патрондарды қолдана отырып;

тегіс ұңғылы аңшылық мылтығына қолдан жасалған иір ойықты салмалы (қосалқы) ұңғыны қолдана отырып;

апатты жағдайға тап болған және дәрменсіз (дауылдан, су тасқынынан, өрттен, су тоғандары арқылы жүзіп өту кезінде, мұздақ жағдайында бас сауғалаған, аштықтан тұралаған, жусанды паналаған суда жүзетін құстар) жабайы жануарларға ;

өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, ондатрға аңшылық қаруды қолдана отырып ;

кейіннен іннің диаметрін қалпына келтіріп және шұңқырды көме отырып, аң аулайтын иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жабайы жануарлардың тұрағын бұзып және зақымдай отырып; құндыз бөгеттерін бұзумен;

бос жерлерді, су бетіндегі өсімдіктерді жағумен, түбірімен қопарумен, басқа да өсімдіктерді жоюмен ;

өздігінен атылатын қаруды, қысқышты, қаусырманы, қапсырманы, кескішті, дыбыс шығарғыш электрондық құрылғыларды, тұяқты жануарларға және аюға тұзақ құруды, құлама, қамту орларын, адам байқамайтын айқындаушы белгілерсіз ірі қақпандарды, шатырларды, бастырмаларды, ілмектерді, найзаларды, сүңгі құс желімін, түтін салып шығаруды, жылтыр мұзға, қатқыл

Аскания бұғысы	1 қыркүйек - 31 желтоқсан
аралығында	
Жанат тектес ит, Қарсақ,	1 қараша - 15 ақпан аралығында
Түлкі, Бұлғын, Құну,	
Сарғыш күзен, Ақ қалақ,	
Ақкіс, Сары күзен, Сасық	
күзен, Американ су күзені,	
Кәмшат (ортаазиялықтан	
басқасы), Сілеусін	
(түркістандықтан	
басқасы), Жанат, Құм қоян,	
Ақ қоян, Ор қоян	
Зорман	Ұйқыдан шыққаннан - 30 сәуір
аралығында	
Қабан	1 қыркүйек - 31 желтоқсан
аралығында	
Құдыр	1 қыркүйек - 31 желтоқсан
аралығында	
Бұлан	1 қыркүйек - 31 желтоқсан
аралығында	
Ондатр	1 қазан - 15 ақпан аралығында
Құндыз	15 қазан - 31 желтоқсан
аралығында	
Сібір тау ешкісі	1 қыркүйек - 30 қараша
	аралығында, аталығына
15 шілдеден бастап	
Сібір елігі	1 қыркүйек - 30 қараша
	аралығында, аталығына
15 шілдеден бастап	
Суыр (ұзын құйрықты немесе	1 шілдеден бастап ұйқыға
қызыл, сұр немесе	жатқанына дейін
алтайлық-тяньшандық)	
Суыр (боз суыр немесе дала	15 маусымнан бастап ұйқыға
суыры)	жатқанына дейін
Маймаққаз (қара жемсаулы	20 тамыз -15 желтоқсан аралығында
және қызыл жемсаулы),	
Қаз (ақмаңдайлы, қырманқаз, аталық үйректерді көктемгі аулауға	
сұр), Қарашақаз, үйрек	15 күнтізбелік күннен асырмай
(барылдауық, отүйрек,	1 наурыз - 10 мамыр аралығындағы

сарыалақаз, қырылдақ кезеңде рұқсат етіледі
 шүрегей, ысылдақ шүрегей,
 даурықпа шүрегей,
 бозүйрек, сарыайдар
 үйрек, қыл құйрық, жалпақ
 тұмсық, қызылтұмсық
 сүңгуір, қызылбас сүңгуір,
 көк сүңгуір, айдарсыз
 сүңгуір, айдарлы сүңгуір,
 ұшқыр үйрек, сусылдақ,
 қара тұрпан, айдарлы
 үйрек, секпілтас бейнарық,
 бейнарық, кіші бейнарық),

Қасқалдақ

Шіл (аққұр, тундралық, 1 қыркүйек - 15 қараша аралығында
 сұр шіл) (аң аулайтын иттердің тұқымымен
 15 тамыздан бастап)

Шіл (дала шілі, сақалды 15 қыркүйек - 30 қараша
 шіл), Кекілік аралығында (аң аулайтын иттердің
 тұқымымен 1 қыркүйектен бастап)

Саңырау құр 1 қазан - 30 қараша аралығында
 аталықтарын көктемгі аулауға
 15 күнтізбелік күннен асырмай
 1 наурыз - 10 мамыр аралығындағы
 кезеңде рұқсат етіледі

Құр, Жылқышы 1 қыркүйек - 30 қараша аралығында
 аталықтарын көктемгі аулауға
 15 күнтізбелік күннен асырмай
 1 наурыз - 10 мамыр аралығындағы
 кезеңде рұқсат етіледі, оңтүстік
 аймақта көктемгі аң аулау 30
 сәуірден кешіктірілмей аяқталады

Бөдене, Кептер (дыркептер, 20 тамыз - 30 қараша аралығында
 түзкептер, көк кептер, (аң аулайтын иттердің тұқымымен
 күз кептер), Түпкептер бөдене аулау 15 шілдеден бастап,
 (кәдімгі, үлкен) ұшып кеткенге дейін,
 Шалшықшы (қызғыш, күжіркей, шалшықшыларды аулау 15 наурыз -
 шаушалшық, таукүдірет, 10 мамыр аралығында)
 а у ы л д ы қ та у қ ү д і р е т і ,

	маңқы,	тау	маңқысы,
	орман	маңқысы,	үлкен
	шалшықшы,	қасқа	шалшықшы,
	үлкен	шырғалақ,	кіші
шырғалақ)			
Гималай ұлары		1 қазан - 31 желтоқсан	
аралығында			
Сұр құр		1 қыркүйек - 31 желтоқсан	
аралығында			
Қырғауыл		15 қазан - 31 желтоқсан	
		аралығында	
		(аң аулайтын иттердің тұқымымен	
		1 қазаннан бастап)	